

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

**ВЕСТНИК**

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**THE BULLETIN**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА  
PUBLISHED SINCE 1944

6

---

---

АЛМАТЫ  
АЛМАТЫ  
ALMATY

2015

ҚАРАША  
НОЯБРЬ  
NOVEMBER

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

**М. Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і:

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашидзе Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагиян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабаджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

**М. Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохоз. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохоз. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

**M. Zh. Zhurinov**,  
academician of NAS RK

Editorial board:

**N.A. Aitkhozhina**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

**E.P. Velikhov**, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**  
**ISSN 1991-3494**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 1991-3494

Volume 6, Number 358 (2015), 203 – 206

УДК 340.12(574)

## POLITICAL-LEGAL VIEWS OF KAZAKH THINKERS ON THE LEGAL STATEHOOD

Smanova A.B., Ibraimov O.A.

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
akma\_77@mail.ru

**Key words:** society, a just society, rule of law, the authority of a fair trial, the state fair state citizen.

**Abstract.** The article discusses the concept of rule of law, as well as the comparative analysis of problematic issues. Since to date on all sides paid attention on building a legal state. In legal statehood is formed social justice, freedom, will, provided spiritual and material values of man, and thus members of society in a legal system on equal levels will live. And therefore, the analysis of the legal statehood in the published writings of the Kazakh thinkers of the twentieth century.

## ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Сманова А.Б., Ибраимов О.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Түйінді сөздер:** қоғам, әділетті қоғам, заңдылық, әділсот билігі, мемлекет, әділетті мемлекет, азамат.

**Аннотация.** Құқықтық мемлекеттілік идеясы сан ғасырлардан бері адамзат қоғамының алдыңғы қатарлы өкілдерін ойландырып келе жатқан мәселелердің қатарынан орын алады. Бүгінде елімізде құқықтық мемлекет орнату мәселесіне жан-жақты көңіл бөлінуде. Құқықтық мемлекеттілікте әлеуметтік әділеттілік, еркіндік, бостандық қалыптасып, адамның материалдық және рухани қажеттіліктері қанағаттандырылады, сөйтіп қоғам мүшелері бір құқықтық жүйеде тең дәрежеде бірдей өмір сүре алады. Осыған орай XX ғасыр қазақ ойшылдарының құқықтық мемлекеттілік туралы жазып қалдырған төл туындыларына талдау жасалынды.

Қазіргі таңда елімізде құқықтық мемлекет орнату мәселесіне жан-жақты көңіл бөлінуде. Құқықтық мемлекеттілікті қалыптастыру арқылы әлеуметтік әділеттілік, еркіндік, бостандық қалыптасып, адамның материалдық және рухани қажеттіліктері қанағаттандырылады, сөйтіп қоғам мүшелері бір құқықтық жүйеде тең дәрежеде бірдей өмір сүре алады. Ал азаматтар осы құқықтық мемлекеттіліктің идеялды түріне жету үшін өздері еңбектері арқылы, мемлекеттің, балаларының болашағы үшін ерінбей еңбектену керек, білім дәрежесін жоғарылату қажет. Сонда ғана әл-Фарабидің “Ізгілік қала” тұрғындарының дәрежесіне жету мүмкін.

Бекер емес адамдар жаратылысынан қауымдасып, бірігіп өмір сүруге жақын келеді, яғни қауымдасып тіршілік ету адамның табиғи қасиеті.

“Әр дәуірдің өз міндеттері бар” – деп айтқан атақты ғалым Гейнениң осы сөзінде терең ой жатыр, себебі расында да азаматтық қоғамның қалыптасу барысы, әр кезеңде белгілі міндеттермен жүргізіліп отырды [1, 111 б.].

Мемлекет пен қоғам тең ұғым емес, оларды ажырата білу керек. Мемлекет қоғамнан оның толысқан шағында бөлініп шығады. Қоғам – мемлекеттің анасы, демек мемлекет қоғамдық дамудың нәтижесі. Қандай қоғам болса, сондай мемлекет болады. Мемлекет қоғамды қамқорлыққа алуы да мүмкін немесе керісінше. Қоғамдық организмді күйрету де мүмкін. Қоғамның ілгермелі дамуында оның бір кезең мен екінші кезеңге, төменгі сатыдан жоғарғы сатыға өтуіне байланысты, мемлекет те өзгереді. Осыған сәйкес мемлекетте барынша жетілген, барынша дамыған болады.

Қоғамның өзі жай ғана адамдардың жиынтығы емес. Бұл күрделі әлеуметтік организм, адамдардың өзара әрекеттерінің нәтижесі, олардың өмірі қоғамдық өнімді өндіру, айырбас жасау

немесе тұтынуымен байланысты ұйымдасуы. Бұл жеке адамдардың биологиялық емес, әлеуметтік заңдары әсер ететін жиынтық. Адамзаттың өмірінің ғаламдық мәселелері бүгінде барлық қалыпты қоғамдық дамудың анықтаушысы.

Адамзаттық қоғамды қоғамдық қатынастар жиынтығы ретінде қарау, біріншіден, оған нақты тарихи, екіншіден, қоғамдық өмірдің арнайы басты сфераларын (экономикалық, рухани) анықтауға, үшіншіден, әлеуметтік қарым-қатынастың субъектілерін (жеке адам, семья, ұлт, мемлекет және тағы басқа) атауға мүмкіндік береді.

Қоғамдық өмірдің саяси формасы қоғамды саяси ұйымдастырумен, құраушы бөліктерінің бірі мемлекет, оның саяси жүйесімен байланысты. Қоғамның саяси жүйесін көптеген ұйымдар, институттар, билік үшін оны сақтау, пайдалану, ұйымдастыру және әрекет жасау үшін күресетін мекемелер құрайды. Азаматтық қоғам мен оның саяси жүйесімен ара-қатынасы бұл мазмұн мен форманың ара-қатынасы. Адамдар қандай, олардың мүддесімен тұтыну мөлшері: қандай, олар өз мұқтаждықтарын қалай қанағаттандырады, қандай таптар мен топтарға кіреді және олардың мүдделерінің негізінде не жатыр, мұның бәрі саяси институтта бейнеленеді.

Қазіргі қоғамда билік үшін және оны сақтау үшін күресетін басты саяси бірлестіктер, саяси партиялар болып табылады. Сондай-ақ бұл істе кәсіподақтардың да рөлі бар. Егер мұндай ұйымдар қалыптасса, онда жергілікті халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін анықтау, азаматтардың еркін жүзеге асыра алатын мүдделерді табу оңай болар еді. Бірақ мұндай көпшіліктік демократия тек қана еркін адамдардың, еркін қоғамында ғана болады.

Қоғамның бостандығы шаруашылықтың техникалық жабдықталуына өндіргіш күштердің даму деңгейімен анықтайды. Ол меншікке, өндіріске өнімді болуымен айырбас және тұтыну қатынасына тәуелді. Жеке адаммен қоғамның бостандығы рухани өмірмен (ғылымға, өнерге, әдебиетке және тағы басқа) қатыстылығы тікелей байланысты. Ал бәрінен де жоғары дәрежеде бұл бостандық құқықтың жолымен жүру арқылы анықталады.

Формальды теңдік пен формальды қабілеттілік немесе әділеттілік бұл жетілген азаматтық қоғам идеалына жақындау үшін қойылатын құқықтың жалпы талаптары. Нақты теңдікпен толық әділеттілік – бұл утопиямен шектесетін идеал. Кез-келген жағдайда идеалға жету жолы мемлекет арқылы және оның заңдары арқылы жүзеге асады.

Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет туралы толып жатқан ой-пікірлер, әр түрлі теориялар бар. Бұл ой-пікірлердің, теориялардың көп болатын себептері тек қана мемлекеттің, қоғамның мазмұнының өте күрделі болуынан немесе олардың нысанының сан қырлы өзгеруінен емес, сонымен бірге азаматтық қоғам мен мемлекеттің саяси билікті жүргізуі және олардың іс әрекеті барлық топтардың, топтардың мүдде – мақсатына қатысты болуы. Тағы да бұл мәселе қоғамдағы әр түрлі идеологиямен, саяси партиялармен байланысты болуы.

Бұл жерде ескерте кететін бір мәселе – Кеңес дәуірінде елімізде марксистік мемлекеттік теория тұрғысынан зерттеп, түсініп келдік. Ол кезде қоғам мен мемлекетті таптық тұрғыдан зерттеуге тырыстық, басқа теорияны, басқа бағытты сырып тастап отырдық. Қазір ол теорияларға көзқарас түзелді, дұрысталды. Тарих теориялардың бәрінде аздап болса да, шындық және тарихи нақты дәлелдер жазылған. Сондықтан ол теорияларды білу, дұрыс жағын алу, пайдалану өте қажет. Сол деректерді ескере отырып жүргізілген зерттеудің ғылымға, қоғамға пайдасы мол.

Тағы бір ескертетін мәселе – “азаматтық қоғам” деген алғашқы қауымдық қоғамда да, құл иелену формациясында да, феодалдық формацияда да болған жоқ. Себебі ол қоғамдарда “азаматтық” деген ұғым болған емес. Бұл ұғым тек буржуазиялық қоғамда өмірге келді. Сондықтан біз теорияны тек сол кездегі ғұламалардың пайымдауы бойынша берген “құқықтық мемлекет” атты теориямен байланыстыра қарастырамыз.

Ресей империясына тәуелді болған қазақ қауымының XIX ғасырдан бастап XX ғасырдың бас кезіндегі қайраткер тұлғалардың еңбектерінде көрініс тапқан “қоғам”, “әділетті қоғам”, “әділетті мемлекет”, “зандылық”, “әділсот билігі” ұғымдары қарастырылады. Бұл, әсіресе, XIX ғасырдың орта шенінен бастап XX ғасырдың бастапқы кезеңдеріне дейін қазақ даласында келелі тақырыптардың біріне айналғаны сөз етіледі. Ш. Уәлиханов, Б. Алтынсарин, А. Құнанбаев сынды зиялыларымыз қалыптастырған прогресшілдік демократиялық сипаттағы ойлар – адам құқығын қорғау, әйел теңдігі мен бостандығы мәселесі, әділсот ісін жақсарту, отаршылдық саясат пен империялық басқыншылыққа қарсы ой-пікірлер айту, жанашыл көзқарастар білдіру қоғамдық өмірден көрініс тауып жатты. Олар қоғамның болашағы мен еліміздің дамуын ойлады, қазақ

халқының мәдениетін өркендетуді, дамыған елдердің қатарындағы деңгейге көтеруді армандады.

Мұндай идеялар, әрине, ұлттық зиялыларымыз бен сол тұстағы қоғам қайраткерлері тарапынан жиі-жиі көтерілді. Осы ретте М. Шоқай, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Сералин, М. Дулатов, Б. Сыртанов, Ж. Сейдалин, Б. Қаратаев, Ж. Ақбаев, К. Тоғысов секілді оқыған азаматтарымыз ерекше көзге түсті.

Ұлт азаттық жолында қайталанбас орын қалдырып кеткен, еліміздің тәуелсіз болуын мақсат еткен қайраткер Әлихан Бөкейханов. Әлихан Бөкейханов өз халқының саяси жетекшісі ретінде айту айып емес. Себебі, ХХ ғасыр басында озық ойлы бір туар тұлға. Оның өмір жолын айқындау барысында француз революциясының және орыс азаттық қозғалысы мен гуманистік әдебиетінің орны ерекше. 1917 жылы уақытша өкіметтің комиссары қызметінде жүріп жазған мақаласында "бостандық, теңдік, туысқандық ХVІІІ ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері" – деп атап көрсеткен. Ә. Бөкейханов сол кездегі зиялы қауым қатарының өкілі ретінде қазақ халқын азат ету мақсатында қызмет атқарған болатын. Сол кездерден бастап ол патша өкіметінің саясатын сынаған. "Қазақ" газетіндегі 1913 жылы 28 санында жарияланған "Жауап хатта" ол "қазаққа 15 тен жер берілсін деген закон жоқ" деп жазған мақаласының мәтініндегі астарлы сөзін саралайтын болсақ, қазақ өз жеріне иелік ету керек екендігін айтқанын айта аламыз [2, 166 б.].

Ә. Бөкейханов ел басына түскен ауыр күндерді жай ғана жадағай баяндамай, ой елігінен өткізіп, оқырманға түсінікті етіп, оқырманға ой салып, ойланатындай, өз жерін қорғап, халқының мұң-мұқтажына ортақ болып, жоғары деңгейдегі патриоттық рухта баяндаған.

Отырықшы норма қазақ қауымына жат екенін де сол кезде тілге тиек еткен қайраткерлер қатары бірнеше, атап айтатын болсақ Ә. Бөкейханов сынды А. Байтұрсыновты атап өткен жөн.

А. Байтұрсынов қазақ қауымына тек ағартушылық ілімі бойынша ғана емес таныс тұлға, ол сонымен қатар саяси беделге ие азаттықты аңсаған дана деп айтсақ қателеспейміз. Ол "Қазақ" атты журналдың бас редакторы болып алғашқы рет қазақ қауымына қазақ тілінде мақалалар жариялаған болатын. А. Байтұрсынов өзінің жарық көрген мақаласының ішінен мынадай пікірдің "қазақ тілегі хүкіметтің құлағына тимей жатыр, хүкімет қазақтың мұңын білмей жатыр" деген сөздерінен сол кездегі өмір сүрген қазақ халқының жағдайының деңгейін аңғара аласың. Қазақ халқына А. Байтұрсынов келесідей ұран ретінде ұстану қажеттігін тудыратын "Біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек." [3, 86 б.] – деген сөздерге мән беру қажет деп ойлаймын. Расында да қоғамымыз ақылды, даналы, парасатты болу үшін білімділік пен кәсіп қажетті.

Сонымен қоса, А. Байтұрсыновтан, Ә. Бөкейхановтан басқа да қазақ қоғамының дұрыс жолда даму қажет екендігін мақсат еткен зиялы қайраткеріміз қатарын толықтай келе – Алаш көсемдерінің бірегейі, көрнекті қоғам қайраткері, заңгер-саясаткер М. Шоқайдың (Түркістан мұсылмандарының орталық Кеңесінің төрағасы) "1917 жыл естеліктерінен үзінділерім" атты мақаласында: "Ішкі келеңсіздіктерімізді жоя отырып, ұлттық тұтастығымызды күшейту, сол арқылы күресіміздің негізін нығайту мәселесінде біз [...] үлгі тұтарлық дәрежеде болуға тиіспіз. Жұртымыздың жолы ашылып, барлығымыздың туған топыраққа оралу мүмкіндігі туғанын көз алдыңызға келтіріңіз. [...] Шашыраңқы қалсақ, жалпы ұлттық мүддемізге зиян тигізген боламыз" – деген сөзі арқылы көз жеткіземіз [4, 10 б.]. Түркістан автономиясын, егемен мемлекет ретінде қазақ қоғамын жұмылдыру туралы сөз етуге, сол кезеңде ашықтан ашық айтуға мүмкіндік болмады.

Азаматтық қоғамды қазақ зиялылары Батыс Еуропаға еліктемей өзіндік ой толғам арқылы жинақтаған. Жеке адамның қоғамда өмір сүру үрдісіне ХХ ғасырда өмір сүрген қазақ ойшылдарының қатарын жоғарыда атап көрсеткендей Ш. Уәлихановтың, А. Құнанбаевтың, Ы. Алтынсариннің еңбектерінде, саяси өмірінде қалдырған іздері мол болып саналынады. Себебі, атап кеткен ойшылдарда қазақ қоғамын дербес, тәуелсіз мемлекет болсын деп аңсаған.

Ш. Уәлиханов (1835-1865 жж.) қазақ халқының аса көрнекті ғалымы, ойшыл – ағартушысы. Ш. Уәлихановтың саяси-құқықтық идеясының өзегі, мазмұндық мәні негізінде төрт ұғыммен қамтылған: әр халықтың, мемлекеттің өздігінен дамуы, өзін-өзі қорғай білуі, өзін-өзі басқара білуі және өзіндік сотының болуы [5, 145 б.].

Осы төрт ұғымды түйіндей келе Ш. Уәлиханов қоғамға, қоғамның дамуына септік тигізетін ұғымдарды ажыратты. Соның негізінде біз халықтың әдет-ғұрпына тиесілі дәстүрлерді және құқықтық тұрғыда қамтамасыз ететін сот болу қажеттігін айқындай аламыз. "Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өнген заң ғана халық үшін жайлы болмақ. Бұл заң қаншалық олпы солпы болғанымен сырттан әкелінген немесе жоғарыдан ұсынылған заңнан гөрі оған етене жақын, түсінікті де айқын екеніне ешқандай күмән жоқ." – деп айтқан Ш. Уәлиханов [6, 2-3 бб.].

Абай Құнанбаевтың қазақ қоғамына деген сүйіспеншілік патриоттық сезімді бізге танытқан

атақты М. Әуезовтың "Абай жолы" атты еңбегін негізге ала отырып Абай атамның саяси-құқықтық ілімін түсіну үшін біз ең алдымен XIX ғасырдың өндіріс деңгейін, қоғамдағы шиеленістер, қоршаған орта, мәдениет сияқты талаптарды меңгеруіміз қажет.

Абай Құнанбаевтың немере інісі Шәкәрім Құдайбердиевте қазақ қоғамының дамуына да өзіндік септігін тигізген тұлға. Өз заманының тыныс-тіршілігіне жүздеген жылдарға алға кетіп, билікті ұйымдастыру және басқару, мемлекеттің тиімді формалары мен соғыс мәселелері туралы құнды пікірлерді алға тартты.

Шәкәрім Құдайбердиев мемлекеттің басқарылу жолының идеялды басқару нысанын іздестірген ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, мемлекет бюрократтар мен чиновниктерден құралған деп санаған. Ол гуманистік демократиялық мемлекеттік құрылым мен өркениетті қоғам құру үшін рулық қақтығыстар мен трайбализмді жойып, арнайы социум ретінде ұлттық прогреске жол ашу қажеттігін дәлелдейді. Ұлттық бірлікті қалыптастыру және нығайту өркениетті, демократиялық мемлекетті құрудың ірге тасы. Ш. Құдайбердиевтің гуманистік ойлары бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен тікелей үндес [7, 92-95 бб.].

Қоғамымызда берік қалыптасқан ұлтаралық келісім шарттар қазақ қоғамында сара жолдарын қалдырып кеткен даналарымыздың тәрбиесі арқылы келген қасиет деп білуіміз қажет.

Жалпы қазақ қауымы азаматтық қоғам ұғымы туралы ғылыми еңбектерінде, саяси негізде жазбаса да, олар ерікті қоғамды және егеменді мемлекетті партиялық ұжымдасқан негізде бас көтеріп кеңестік әлемге қарсылық көрсеткені мәлім. Яғни, азаматтық қоғамға тән институттарын қолдану арқылы мемлекеттің дамуна әсер ететін әрекеттерді қолданғаны мәліметтелінеді.

Осы айтылған деректерге қарап отырып, расында сонау біздің ата-бабаларымыз ой-армандарының осы күнге дейін өз мағынасын жоймағанын, іс жүзіне асып жатқанын, ендігі жерде сол идеялардың барлығын кәдемізге жарату, тарихи тағылымнан сабақ алу, оларды күнделікті құқықтық мемлекетті басқару тәжірибесіне енгізу – бүгінгі күннің мерейлі міндеті екенін көреміз.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Алексеев С.С. Правовое государство судьба социализма. – М., 1988. – 175 с.
- [2] Бөкейханов Ә. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1994. – 225 б.
- [3] Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1995. – 280 б.
- [4] Шоқай М., Шоқай М. Естеліктер. – Стамбул, 1997. – 272 б.
- [5] Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Білім, 2004. – 128 б.
- [6] Уәлиханов Ш. Сот реформасы жайында жазба / Кіріспе мақалалар мен ескертулерді жазған С.Ф. Ударцев. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 116 б.
- [7] Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы: Атамұра, 1998. – 345 б.

#### REFERENCES

- [1] Alekseev S.S. Legal state destiny socialism. - M., 1988. - 175 p.
- [2] Bukeikhanov A. Collection of Works. - Almaty, 1994. - 225 p.
- [5] Baitursynov A. Of the road. - Almaty, 1995. - 280 p.
- [6] Shokai M. Shokai M. Memories. - Istanbul, 1997. - 272 p.
- [7] Ozbekulu S. Kazakhstan's political and legal issues in the history of thought. - Almaty: Education, 2004. - 128 p.
- [8] Ualikhanov Sh. About judicial reform/ Introduction to write articles and notes S.F. Udartzev. - Almaty: Seven tired, 2003. - 116 p.
- [9] Kul-Muhammed M. Alash of the evolution of the political and legal approach. - Almaty: Atamura, 1998. - 345 p.

#### ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ВЗГЛЯДЫ КАЗАХСКИХ МЫСЛИТЕЛЕЙ О ПРАВОВОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

Сманова А.Б., Ибраимов О.А.

КазНУ им. Аль-Фараби, Казахстан, Алматы

**Ключевые слова:** общество, справедливое общество, законность, власть справедливого суда, государство, справедливое государство, гражданин.

**Аннотация:** В статье рассматривается понятие правовой государственности, а также дан сравнительный анализ проблемных вопросов. Так как на сегодняшний день со всех сторон уделяется внимание по вопросу построения правового государства. В правовой государственности формируется социальная справедливость, свобода, воля, обеспечиваются духовные и материальные ценности человека, и таким образом члены общества в одной правовой системе на равных уровнях будут жить. И поэтому дан анализ о правовой государственности в изданных трудах казахских мыслителей XX века.

Сведения об авторах

**Сманова А.Б.** - Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы доценті, з.ғ.к., Алматы қаласы, Қазақстан.

**Ибраимов О.А.** – Заң факультетінің құқық магистрі



Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов, Т.А. Апендиев*  
Верстка на компьютере *С.К. Досаевой*

Подписано в печать 11.12.2015.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
15,2 п.л. Тираж 2000. Заказ 6.